



Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №5 (1873) 13 АҚПАН 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

Ғалым ханымдардың зор табысқа жетеріне сенемін



**Ғылымдағы әйелдердің
халықаралық күні
құтты болсын!**

БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен бұл атаулы күннің негізгі мақсаты – әйелдер қауымының ғылымға толық қол жеткізуіне және ғылыми-зерттеу жұмыстарына кеңінен қолдау көрсету.

Бүгінде Қазақстанда әйел зерттеушілердің үлесі 50 пайыздан асады.

Ал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымында әйелдер қауымы оқытушы-профессорлық құрамының 64 пайызын құрайды.

Жоғары оқу орнында нәзікжанды ғалымдардың сүйікті ісімен айналысуына барлық қолайлы жағдай жасалған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа Қазақстан, әділетті қоғам орнатып, білімді ұрпақ тәрбиелеуде ең алдымен ғылым саласын дамыту қажеттігіне айрықша басымдық беріп келеді. Отбасы мен ғылымдағы ізденістерін қатар алып жүретін әйел ғалымдар осы мүмкіндіктерді пайдаланып, зор табысқа жетеріне сенемін.

Бүгінгі айтулы күні көшбасшы университетіміздің ғалым ханымдарына мықты денсаулық, отбасыларына бақ-береке, жақындарына амандық тілеймін!

**Құрметпен
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма
Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры:

Түркиядан алыста болсақ та, жүрегіміз бірге!



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас кон-

сулдығына барып, көңіл айтты.

Бас консул Али Рыза Ақынжымен кездесу барысында ҚазҰУ басшысы: «Түркиядан алыста болсақ та, жүрегіміз

бірге! Жақындары қайтыс болған отбасылардың қайғысына ортақпын. Бауырларымыздың қалыпты өмірге тезірек оралуына тілектеспін», – деді.

ҚазҰУ ұжымы бауырлас елді қолдады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркиядан жер сілкінісінен зардап шеккен азаматтарға белсенді көмек көрсетуде.

Табиғи апат орын алған сәтте оқу орнының оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері бір күндік жалақысын аударды.

Білім ордасында Ректор Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың бастамасымен жи-



налған қаражат 40 млн теңгеге жуық құрайды.

Бұған қоса, көшбасшы университет арнайы гуманитар-

лық көмек беру орталығын ашты.

Жалғасы 2-бетте

ҚазҰУ ұжымы бауырлас елді қолдады

Соңы. Басы 1-бетте

және ересектер мен балалар киімдері жиналды.

Жөнелтілетін жүк арнайы рейспен жіберіледі. Біз біргеміз!

Жәрдем қабылдау пунктінде еріктілер қолдауымен киіз үйлер, көрпе-жастық, қалың төсеніштер



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде белгілі журналист, публицист, БАҚ саласындағы Президент сыйлығының тұңғыш лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержұман Смайыл атындағы аудитория ашылды.

тың лауреаты Нұрлан Оразалин сөз сөйледі.

«Ержұман Смайылмен бірге көп жылдар бойы жұмыс істедім. Ол бар ғұмырын журналистиканы

Тілшілер тәлімгері атындағы аудитория ашылды

Іс-шараға көрнекті ақын-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалин, ҚР МСМ Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Борашев, белгілі қоғам қайраткерлері, газет және журналдардың бас редакторлары, танымал журналистер, Ержұман Смайылдың жұбайы Жақан Сүлейменқызы, достары мен әріптестері, шәкірттері, ұрпақтары, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы және студенттер қатысты.

Жиынды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашты. Өз сөзінде ректор Ержұман Смайылдың еңбек жолына тоқталды.

«Ержұман Өтешұлы 1948 жылы Алматы облысы Талғар ауданында дүниеге келген. Журналистік жолын «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі болып бастады. «Лениншіл жас» газетінде редактордың орынбасары болды. «Егемен Қазақстанға» қайта оралып, шыншыл, әділетті журналист, мықты редактор ретінде танылды. «Егемен Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, бас редактордың бірінші орынбасары, бас редактор қызметтерін абыроймен атқарды. Шығармашылық жолда табысқа жетіп, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты болды. БАҚ саласында-



ғы Президент сыйлығының тұңғыш лауреаты атанды. Өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспей, қазақ журналистикасына адал еңбек етті», – деді Жансейіт Түймебаев.

Дәрісхананың ашылу рәсіміне ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі арнайы құттықтау хат жолдады. Хатта: «Ержұман Өтешұлы «Егемен Қазақстан» газетінде ұзақ жылдар бойы абыройлы қызмет атқарып, қолтаңбасын қалдырды. Бүгінгі ашылып жатқан оқу аудиториясы БАҚ саласында қайталанбас із қалдырған журналиске деген құрмет деп білемін. Жаңа аудиториядан ақпарат саласында адал қызмет ететін журналистер шығады деген үміттемін», – делінген.

Өз кезегінде көрнекті ақын-драматург, Мемлекеттік сыйлық-

дамытуға арнап, болашақ ұрпаққа бай рухани мұра қалдырды. Өзінің адалдығы мен әділдігі үшін Ер-аға есімімен тарихта қалды. Ол қазақ журналистерінің бірнеше буынын тәрбиеледі. Бүгінгі аудиторияның ашылғанына өте ауаныштымын, оның үлесі мен еңбегін біз ешқашан ұмытпаймыз», – деді Нұрлан Оразалин.

Сондай-ақ жиында ҚР МСМ Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Борашев ұстазын ерекше толғаныспен еске алды.

«Қазақ журналистикасында Ержұман Смайылдың орны ерекше. Бар ғұмырын ел газетіне арнады. Алып тұлғаның шәкірті болғаныма қуаныштымын», – деді Қуат Борашев.

Сонымен қатар басқосуда Ержұман Өтешұлының достары мен шәкірттері сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Жоспар – ғылыми жобаларды коммерцияландыру

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев химиялық өнеркәсіпте көшбасшы BASF компаниясының бас директоры Сәуле Байтжаунова бастаған делегациямен кездесіп, серіктестік орнату бойынша мәселелерді талқылады.

Кездесу соңында тараптар серіктестік орнату мәселесін талқылап, алдағы уақытта ауқымды жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты.

Құрметті қонақтарды университет ректоры жылы қабылдап, ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген инновациялық жобалар туралы кеңінен ақпарат берді.

«Ғылымның дамуы – еліміздің болашағы. Осы орайда, оқу ордамызда 100 инновациялық жоба дайындалды. Білікті және білімді ғалымдарымыз университетте аянбай еңбек етуде. Алдағы жоспар – ғалымдарымыз дайындаған ғылыми жобаларды коммерцияландыру. Қалашықта ҚазҰУ технопаркі мен Жерді қашықтықтан зондтау орталығы орналасқан. Сонымен қатар білім ордасында Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Касперский зертханасы», Huawei және т.б. жоғары технологиялық компаниялардың сертификаттау орталықтары, институттары мен академиялары табысты жұмыс істейді», – деді университет ректоры.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев құрметті мейманға



«ҚазҰУ-дың 100 инновациялық жобалары» атты кітапты сыйға тартты.

Өз кезегінде BASF компаниясының бас директоры Сәуле Байтжаунова жылы қабылдағаны үшін университет ректорына алғысын білдірді. Сондай-ақ құрметті қонақ өз сөзінде оқу ордасындағы ғылыми жобаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

Жүздесуден соң Сәуле Байтжаунова бастаған делегация ҚазҰУ музейін, жағдаяттық орталықты және күрделі жөндеуден өткен оқу корпустарын аралап көрді. Кейін университеттің Жерді қашықтықтан зондтау орталығына арнайы барып, ғылыми жобалармен кеңінен танысты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Ғылым жолын таңдаған арулар

12 ақпан – Ғылымдағы әйелдердің халықаралық күні. Ғылым әлеуетінің дамуына зор үлесін тигізіп жүрген білікті мамандар даярлауда ҚазҰУ көш бастап келеді. Яғни білім ордамызда оқытушы-профессорлық құрамның 64 пайызын әйелдер қауымы құрайды. «Qazaq universiteti» газеті ғылым саласында білек сыбанып еңбек етіп жүрген ханымдарды оқырмандармен етене таныстыруды жөн санады.

Салтанат ТӨЛЕУҚЫЗЫ
– шығыстану факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары.



Салтанат Төлеуқызы ғылыми зерттеу саласында күні бүгінге дейін әртүрлі халықаралық, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, симпозиумдарда баяндамалар жасады. Атап айтқанда, Дубай қаласында өткен (БАӘ) «Әлеуметтік ғылымдар, өнер, экономика және білім» жөніндегі халықаралық конференцияға; Анкара қаласында өткен (Түркия) «Жалпы тарих, мәдениет, білім және өркениет» бойынша халықаралық симпозиумға; Мальта президенті Джордж Веллдің қолдауымен және Толеранттылық және бейбітшілік жөніндегі жаһандық кеңестің (GCTP) ұйымдастыруымен Валетта қаласында (Мальта) өткен «Жоғары білім берудегі толеранттылықтың академиялық процестері» халықаралық симпозиумына; Анкара қаласында өткен (Түркия) ECOEI (Экономикалық ынтымақтастық ұйымы білім беру институты), Жоғары деңгейлі университеттер өкілдерінің форумында; Ташкент қаласында (Өзбекстан) өткен «Жас әйелдер мен қыздарды зерттеу қызметіне тарту: озық

тәжірибе және перспективалар» атты халықаралық конференцияларына қатысып, ғылыми жаңалықтарын ортаға салды. 25-тен аса ғылыми жарияланымдар мен оқу құралының авторы. Оның ішінде Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналдарда жарық көрген бірнеше мақаласы бар. 2015 жылы АҚШ-тың Мэдисон қаласындағы Висконсин-Мэдисон университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен.

– Арманым – болашақта еліміздің ғылымына өз үлесімді тигізіп, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай із қалдырсам деймін. Ғылым жолы – түпсіз тұңғық, мұхит деп сипаттасақ, сол мұхиттың тамшысындай болсын еңбегімді ел игілігіне, ғылым өркендеуіне қызмет жасау басты мақсатым, – дейді ғалым.

Роза АБДУЛКАРИМОВА
– Химиялық физика және материалтану кафедрасының доценті, ғалым.



Роза Абдулкаримова жалпы және арнайы пәндерден қазақ және орыс тілдерінде жоғары деңгейде дәріс оқыды. Студенттердің дипломдық және магистранттардың диссертациялық жұмыстарының жетекшісі. Екі химия ғылымының кандидаты мен екі PhD-докторын даярлап шығарды. Химия және химиялық технология факультетінде наноматериалдар және нанохимия саласындағы жаңа білім беру бағдарламаларының үйлестірушісі. «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» (РУМС, Химия) секциясының төрайымы әрі жеті типтік бағдарлама, алты оқу құралының авторы. PhD докторанттарға арналған «Жарылғыш заттар мен пиротехниканың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша Мемлекеттік білім беру мекемесі авторларының бірі.

Әртүрлі ғылыми жобалар бойынша F3Ж орындауда үнемі төбе көрсетіп келеді. Ғалым отқа төзімді материалдарды алуда елімізде өндірілетін қолжетімді «Индер» кен орнының бор құрамды рудасын қолдану мүмкін-

дігін, сонымен қатар материалдардың синтезі, экономикалық тиімділігімен ерекшеленетін перспективті өздігінен таралатын жоғары температуралы әдістерін зерттеп-зерделеді. Композициялық материалдардың қолдану аймақтары: химиялық және металлургиялық өнеркәсіп, конструкциялық және инструменталды материалдар өндіріс, композитті және отқа төзімді керамикадан алынуы турасында тың жаңалықтар ашты.

«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2017» атағына ие.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА
– журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, саяси ғылымдар докторы, профессор.



1998 жылы «Саттар Ерубаев – журналист, публицист» атты тақырыпта «Журналистика» мамандығы бойынша филология ғылымының кандидаты, «Әдебиеттану» мамандығы бойынша доцент. «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси коммуникация: шетелдік тәжірибе және Қазақстан» тақырыбында «Саяси институттар, этносаяси конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар» мамандығы бойынша саяси ғылымдар докторы, 2017 жылдан саясаттану профессоры.

Саяси коммуникация, электронды демократия, интеллектуалды капитал, цифрлық медиа, деректер журналистикасы бойынша 200-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде үш дербес, жеті бірлескен ғылыми монографияның авторы.

Scopus базасында бес мақала жазған. ҚР БФМ іргелі және қолданбалы зерттеулер бес ғылыми жобасының жетекшісі, UNESCO IPDC – жоба жетекшісі,

WJS, EJTA халықаралық жобаларының орындаушысы. Ғалымның зерттеу объектісі – саяси коммуникацияның теориясы мен тәжірибесі, электронды демократия, білім қоғамы, интеллектуалды капитал, ақпараттық сауаттылық, фактчекинг, медиа және ақпараттық сауаттылық.

2012-17 жылдары елдің интеллектуалды әлеуеті бағдарламасы аясында гуманитарлық технологиялар, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар әзірлеу, сондай-ақ 2021 жылдан бастап жалған ақпарат, инфодемия, верификация саласында цифрлық ресурстар әзірлеу бойынша қолданбалы зерттеулер жүргізді.

Профессор Г.Сұлтанбаева таяуда ғана АҚШ Ұлттық ғылым қоры (National Science Foundation) қаржыландыратын Цифрлық қоғам жобасының (Digital Society Project) «Интернет-саясаттың өлшемі» бағыты бойынша интернеттегі бостандық, киберқауіпсіздік, дезинформация, әлеуметтік желілердің поляризациясы бойынша ұлттық сарапшысы ретінде шақыру алды. Ғалым 2023 жылдың қаңтарынан бастап сараптау жұмысына кіріседі.

Г.Сұлтанбаева ең жауапты зерттеу жұмысын аяқтады. ОБСЕ журналист әйелдердің интернеттегі қауіпсіздігі анықтамалық нұсқаулығын қазақ тілінде әзірледі (SOFJO Resource Guide in Kazakh, 2022).

Соңғы бес жылда Орталық Азия университеттері журналистика кафедралары басын біріктірген қауымдастықты AUCAJ құруға мұрындық болды. IPDC UNESCO халықаралық коммуникация даму бағдарламасы аясында «Орталық Азия университеттеріндегі деректер журналистикасы оқу бағдарламасының интеграциясы» жобасын табысты аяқтап, Париждегі штаб-пәтерінде ең озат кейс ретінде басқа елдерге ұсынылды.



Ақнұр АМАНБЕКҚЫЗЫ
– Іргелі медицина кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессоры (доцент).



Ақнұр Аманбекқызы «Шапағат-2016», «Шапағат-2019», «Шапағат-2021» байқауының «Ең жас өнертапқыш» номинациясы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының «Ғылым» номинациясы, Nurintech республикалық инновациялық жобалар байқауының «Ең жас ғалым» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған. 2022 жылы «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» ҚР ДМ төсбелгісімен марапатталды, «Үздік жас маман – 2022» республикалық байқауының жеңімпазы.

– Ғылым – қызық та қиын, сан қилы, шексіз жол. Осынау сара жолды қазақтың маңдайына біткен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірге бастап, егемен еліміздің ғылымына үлес қосып жатқанымыз мақтан тұтамын. Жаңа Қазақстанның ғылымының дамып, өркендеуіне септігін тигізіп, медицина және фармацевтика ғылымын дамытып,

отандық, тиімді, эффективті және халыққа қолжетімді дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қазіргі жастардың алға қойған мақсаттарының бірі. Президентіміз Қ.Тоқаев өз жолдауларында жас ғалымдарға сенім білдіріп жатады, бұл сенім бізге үлкен үміт және сенім ұялататыны рас, – дейді ғалым.

Ақнұр Тұрғымбаева ғылым жолында отандық фармацевтика өндірісін дамытуға өз үлесін қосуда. Қазіргі таңда отандық дәрілік өсімдік шикізаты негізінде жара жазушы жақпа майын, көзге арналған жақпа майын және

антиоксидантты қасиеті бар капсула, бетке арналған, нәрлендіретін крем жасап, клиникаға дейінгі зерттеулер жүргізді. Ақнұр Тұрғымбаева өзінің зерттеу жұмыстарын АҚШ, ҚХР және Польша мемлекеттерінің заманауи базаларында жасады. АҚШ, Польша, Дубай, Франция, Малайзия, Ресей, Өзбекстан, Иран, Қазақстанда өткен халықаралық және республикалық ғылыми және ғылыми-тәжірибелік конференцияларда өз ғылыми жұмысы бойынша баяндама жасаған, халықаралық мәліметтер базасында 11 ғылыми мақаласы жарияланды (Clarivate Analytics Journal Citation Reports, Scopus, CiteScore мәліметтер базасында). ҚР БФМ ұсынған журналдарда 20-дан астам мақала жарияланған, сонымен қатар қазақ тілінде «Қазақстандық мақсарының «Ақ май» түрі негізіндегі фитопрепараттар» атты екі монографияның авторы, сонымен қатар бір ҚР патенті, жеті пайдалы модель және екі халықаралық патенттің авторы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің төл басылымы – «Qazaq universiteti» газетінің жарыққа шыққанына биыл 75 жыл толады. Газет 1948 жылдан бергі университеттің ішкі өмірін, ғылыми жетістіктерін, оқу-әдістемелік бағыттағы жұмыстарын, факультеттерде өтіп жатқан басты жаңалықтарын жариялайтын мінбері. Осы уақыт ішінде «Qazaq universiteti» басылымының бетіне жарияланған қара шаңырақтағы тарихи, айшықты оқиғалардың барлығы жыл өткен сайын бағасы жоғарылап, бүгінде университеттің архивін құрайды. Газеттің қамтитын өрісі ауқымды болмағанмен, оқу орнының бүкіл тарихын осы жерден табуға болады. Демек, басылымның да тарихы бай. Өткен ғасырдың 70-жылдарында «Qazaq universiteti» газетіне редактор болған, бүгінде ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде сабақ беріп жүрген қоғам және мемлекет қайраткері, жазушы-журналист, Қазақстан Журналистика академиясының президенті, тарих ғылымының докторы, профессор Сағымбай Қозыбаевпен кездесіп, «Qazaq universiteti» басылымы жайында әңгімелескен едік.



Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Қазақстан Журналистика академиясының президенті:

«Qazaq universiteti» газетінің 1000-шы нөмірін біз шығардық

– Сағымбай Қабашұлы, сіздің журналистика тарихын түгендеп, ұлттық баспасөзіміздің ұмыт болған тұстарын ашып, үнемі ізденісте жүрген ғалым екеніңізді бүкіл қазақ журналистикасы біледі. Бұдан елу жылдай бұрын «Qazaq universiteti» газетіне редактор болып, өзіңіздің қолтаңбаңызды қалдырған екенсіз. Бүгінде оның барлығы жастар үшін тарих, сол кездерді еске алып, ойша саяхат жасап қайтсаңыз...

– Биыл 75 жылдығын атап өтетін «Qazaq universiteti» газетінің тарихы 1948 жылдың 20 сәуірінен басталады. Ол кезде бұл басылым «За отличную учебу» деп аталды, кейіннен «Казахский университет» болып өзгерді. Мен редактор болғаннан бастап газеттің атын орысшадан өзгертіп, «Qazaq universiteti» деп қойдым. Өзім туралы әңгімені басынан айтайын. 1974 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне мұғалім болып келдім. Оның алдында Бүкілодақтық радионың Қазақстандағы меншікті тілшісі болдым. Кандидаттық диссертациямды қорғап алғанмын.

Сол тұста, 1975-77 жылдар аралығында үш жылдай аптасына бір рет шығатын осы газетке редактор болдым. Газет шығару мұғалімге міндеттелген қосымша жұмыс болғандықтан, оған жал-ақы төленбеді. Бірақ көп уақытты алатын, жауапкершілікті қатаң талап ететін жұмыс. Ол кезде газетке редактор болу үшін міндетті түрде университеттегі партия комитетінің мүшесі болуы керек. Ал ҚазМУ-дың парткомы ол кезде аудандық партия комитетінің деңгейінде саналатын. Сондықтан аудандық компартия комитетіне мүше болу өркімнің қолы жете бермейтін жауапты да салмақты орын еді. Университет газетіне редактор болғанның бір артықшылығы осы болды.

– Кеңес өкіметі кезінде қағаз басатын машинкалар қауіпсіздік қызметінде есепте тұратын, сондықтан өркімнің қолына түспейтін. Баспаханалар да қатты қадағаланатын. Мақалаларды қайда бастыңыздар, газетті қай баспаханадан шығардыңыздар?

– Иә, ол кезде арнайы машбюро болған жоқ, материалдарды кафедралардағы машинкаларға басатынбыз. Университет баспаханасы Жүргенов көшесіндегі ҚазМУ-дың ескі корпусында болды. Байсейітова көшесі жағынан кіретінбіз. Газеттің алғашқы нөмірлерінен бастап сол баспаханадан шыққан болар. Қазір де ескі корпуста орны бар болуы керек. Есіңде шығар, ол кезде газет беттерін қорғасын пластинкаға қаттайтын, қаріптерді линотипке қолмен тереді. Тексті қысқарту, қателерді түзеу деген қиямет болатын. Бізде бір орыс жігіті жауапты хатшы болды, оған жалақы төленетін, сол екеуміз газет шығатын кезде күні бойы сол баспаханадан жүретінбіз. Материалдарды дайындау бір бөлек, баспаханадан газет беттерін дайындап шығару бір бөлек жұмыс. Бұрынғы Абай атындағы ҚазПИ ауласында заң факультеті болатын, артынан баспаханамыз сонда көшті. Қазір ол жерде ештеңе жоқ, автокөлік тұрағына айналған.

– Өзіңіздің алдыңыздағы редакторлар туралы не айтасыз?

– Мен «Qazaq universiteti» газетінің 11-ші редакторымын. Маған дейін он адам редактор болған, олардың барлығы танымал ғалымдар. 1976 жылы сәуірде газеттің мерейтойлық 1000-шы нөмірін екі бояумен шығардым. Ол кезде газет тақырыптарын қара және қызыл бояумен берген үлкен жетістік еді. Соған өзіме дейінгі барлық редакторлардың суреттерін бердім. Ректораттың, парткомның, Қазақстан журналистер одағы басқармасының, «Социалистік Қазақстан», «Казак-

станская правда» газеттері жолдаған басылымның 1000-шы нөмірімен құттықтаулары да бірінші бетіне жарияланды. Жазушы Әлжаппар Әбішевтің 1955 жылы студент болып жүрген кездегі ең бірінші мақаласы «За отличную учебу» газетіне басылған екен, архивтен соны тауып алып, осы мерейтойлық нөмірге жариялады. Бұл да басылым тарихындағы бір көріністер, белестер.

1948 жылы газеттің тұңғыш редакторы Сейділдә Төлешев болды. Қарап отырсақ, бұл кісі газетті айбынды да беделді ету үшін басылым бетінде сыни мәселелерге көбірек орын берген екен. Университет өміріндегі, оқу процесіндегі кемшіліктерді батыл сынап отырған. Ол кісі туралы шәкірті болып саналатын Темірбек Қожакеевтің кітаптарында бар. Одан кейін 1949-51 жылдары Қайыржан Бекхожин болған. Өзі декан, өзі редактор. Көрдің бе, газетке редактор болу қандай құрмет! Бұл кісі «Большевик жолы» – «Сталинский путь» деген Қостанай облыстық газетінің бас редакторы болған, содан соғыстан кейін, 1945 жылы ҚазМУ-ға келіп, журналистика факультетінің деканы болды. Оны өздеріңе сабақ берген, бүкіл журналист қауымы білетін журфактың профессоры Тауман Амандосов алмастырды.

Одан кейінгі жылдарда Қазақ КСР ҒА Әдебиет институтының бөлім жетекшісі болған филология ғылымының докторы Елеукең Ғабдилов, Мемлекеттік баспа комитетінің төрағасы болған филология ғылымының докторы Шерияздан Елеукеңов, филология ғылымының докторы Горислав Колосов (кейіннен Воронеж мемлекеттік университетіне ауысып, декан болды), журфактың деканы болған Юрий Крикунов, филология ғылымының докторы, фантаст жазушы Абдул-Хамид Мархабаев, Нели Меньшикова (Украинада журналист болды), тарих ғылымының докторы Шолпан Сармурзиналар әр жылдары «Qazaq universiteti» газетінде

редакторлық қызмет атқарды. Ал менен кейін Дандай Ысқақов, Кәкен Қамзин, Қайрат Сақ, Сағатбек Медеубекұлы, Гүлмира Сұлтанбаевалар болды, барлығы есімде жоқ, шамамен жиырма шақты адам болған шығар. Газет тігінділері үйде бар ма, жоқ па, білмеймін, содан қарау керек.

– Біз газеттің 1948 жылдан бастап алғашқы нөмірлерін Ұлттық кітапханадан, өзіміздің Әл-Фараби кітапханасынан іздеп таба алмадық. Сізге дейінгі газет тігінділері қайда сақталуы мүмкін?

– Сол жылдардағы газет тігінділері осында бір жерде болу керек. Университет архивінен қарау керек шығар. Өйткені мен бертінде 1948-50 жылдар аралығындағы үш жылдың тігіндісін Ғылыми кеңесте сол кездегі ректор Еділ Ерғожинге табыстағанмын. Ол тігінділерді маған архивтердің бірінде естелік ретінде берген. Үйдегі кітапханамда көп орын алатын болған соң, университетке өткізгенмін. Сондықтан оны университеттен іздеген дұрыс. Ал ҚазМУ-ға қатысты фотоматериалдарды Абай мен Байсейітова көшелерінің қиылысындағы Мемлекеттік архивтен қарау керек, барлығы сонда.

– Сағымбай Қабашұлы, сіздің осы университет қабырғасында табан аудармай жүргеніңізге елу жыл болады екен, содан бергі бүкіл тарихын білесіз. Бір кезде өзіңіз тер төккен төл басылымыңыз – «Qazaq universiteti» газетін үнемі қарап отыратын боларсыз. Сұрайын дегенім, Кеңес өкіметі тұсында университеттегі қатемшіліктерді, бұрыс жақтарды түзеуге бағытталған сыни мақалалар жарық көрді ме?

– Әрине, ол кезде кез келген басылым партияның қадағалауында болатын, кез келген сыни мақаладан нәтиже шығарылатын. Сондықтан небір фельетондар,

памфлеттер, сыни мақалалар үзбей жарияланып тұрған. Мысалы, газеттің тұңғыш редакторы Сейділдә Төлешев туралы ұзақ жылдар журналистика факультетінің деканы болған Темірбек Қожакеев былай деп жазады: «Кейін білдік, бұл С.Шымыров, С.Атуаров, Т.Күреңше деген псевдониммен бұрқырата жазатын атақты фельетонист Сейділдә Төлешев екен. Сәкең жиырма-сыңшы жылдары слесарь да, прокурор да болып істепті. 30-шы жылы баспасөзге келген. 1937 жылдан фельетон жазып кеткен. Оның ұлтты тілі басына талай бейнет те берген. Соғыс жылдарында ол шетке ығыстырылған. Жамбыл облысында Свердлов аудандық газетінде редакторлық еткен. Соғыс бітісімен ол қайтадан Алматыда. «Коммунист» журналының бас редакторы. Енді, міне, университеттің журналистика бөлімінде оқытушы екен».

Сыни мақалалар сол кездерде жарияланып тұрды. Мен Бүкілодақтық радионың меншікті тілшісі қызметінен келдім ғой, сол арынмен декандарды сынап, оқу процесіндегі кемшіліктер, созбалаушылық сияқты бірқатар мақалалар жазғанмын. Содан сынға алған декандар менің үстімнен шағым жасағаннан кейін ректорымыз Жәмірбек Жолдасбеков шақырып алып, «Сағымбай, айналайын, аккуратнее» деді. Ол кездің студенттері де газетті жақсы оқитын, өткір-өткір материалдар жазатын. Қазір де студенттерді жазуға тарту керек. Сыни мақалалардың болғаны да жақсы, сын болмаса, кемшіліктер, олқылықтар түзелмейді. Ортақ, орынды критиканы қабылдай білу керек. Газеттің негізгі міндеттерінің бірі – осы.

– Бүгінгі «Qazaq universiteti» туралы не айтасыз, қандай пікіріңіз, ұсыныстарыңыз бар?

– Қазір газеттің ауқымы да, аудиториясы да кеңейді. Жарияланым жағынан мазмұны да бұрынғыдан біршама жақсарды. Университеттегі қызметкерлер, оқытушылар, студенттер ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен, факультеттерде өткен шаралармен негізінен осы басылым арқылы танысады. Бір айтайын дегенім, газеттің түрлі-түсті болып шыққаны жақсы, бірақ журналдың қағазына емес, газеттің қағазына басу керек сияқты. Республикалық басылымдардың барлығы жұқа, газетке арналған қағазға басылады, жұрт та соған үйренген. Жарқыраған «мелованный» қағазға басылған газет оқылмайды. Екіншіден, басылымның тиражы көбейген сайын, қағаздың құны қымбаттайды. Осыны ескеру керек. Содан кейін, жаңа айтып кеттім, ара-тұра сын материалдарды да беріп тұру керек. Студенттердің, магистранттардың проблемаларын көтеретін мінбер де осы болуы тиіс. Сондықтан ресми жаңалықтарды ғана емес, студенттердің, магистрант, докторанттардың, оқытушылардың өміріне қатысты, барлығына ортақ оқылатын мақалаларды көбірек беру керек деп ойлаймын. Оларда айтатын проблема жетеді. Редакция қызметкерлерін газеттің 75 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілеймін.

– Әңгімеңізге рақмет.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

АҚШ-ТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАТЕНТІ ИЕГЕРІ

Техника ғылымдарының кандидаты, доцент Қасым Дускаев 1979 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін инженер-гидролог мамандығы бойынша үздік бітіреді. Сабағы жақсы, өзі алғыр, зерек студентті ұстаздары Жер гидрологиясы кафедрасына жұмысқа шақырады. Осы кафедрада қызметке араласып жүргенде Қасым Қоянбайұлын әріптестері, ұстаз-ғалымдар одан әрі оқуға, білімін шыңдауға Ленинград политехникалық институтына жібереді. Ізденімпаз жас оқуға қиналмай түседі. Сөйтіп, Қасым Қоянбайұлы М.Калинин атындағы Ленинград политехникалық институтының Инженерлік мелиорация, гидрология және қоршаған ортаны қорғау кафедрасының аспиранты атанады.



Ол жақта да Қасым Дускаев оқытушылардың көзіне бірден түседі. Білім нәрімен сусындап жүріп-ақ, мәселен, су эрозиясын және өзен арналары мен каналдар тұрақтылығын болжаудың стохастикалық әдісін жасау жобасына араласады. КСРО-ның Ленинградты су тасқынынан қорғау жөніндегі мемлекеттік ғылыми бағдарламасын жүзеге асыруға қатысады. Тәртібі түзу, сабағы озат, жауапкершілігі жоғары білім алушыны ғалымдар институтқа алып қалуға тырысады. «Ленинградта оқып жүргенде аула сыпырушы болып жұмыс істедім. Өзімше нәпақа тапқан түрлім ғой. Мұны білетін кейбір оқытушылар: «Бізге жұмысқа қал, кейін саған пәтер береді», – деді. Осы сөзді естігенімде намыстан жарылып кете жаздадым, мен пәтер алу үшін оқып, жұмыс істеп жүргенім жоқ ғой. Мені елім, жерім, қара шаңырақ университетім «оқысын, білімін жетілдірсін, содан соң елге келіп қызмет етсін» деп жіберді емес пе? Ал мыналар «үй аласың» деп адамның намысына тиді. Ұстаздарымның сенімін қалай аяқасты етемін? Жоқ, еліме барамын, Отанымға қызмет етемін деп шорт кестім», – дейді Қасым Қоянбайұлы ағынан жарыла.

Оқуға барған жерінде, әсіресе шетте қалып қоймай, елге қайтуға, туған жерге қызмет етуге бұ-

гінгі күннің жастары дайын ба? Бойда патриоттық, отансүйгіштік сезім қаншалықты? Міне, біз жастарға осы жағын баса түсіндіруіміз керек. Көрнекті ғалым Қасым Қоянбайұлының осынау әрекеті бүгінгі жастарға үлгі, өнеге болуы керек. Сол елге оралған 1986 жылдан бері Қ.Дускаев Қазақ ұлттық университетінен қол үзген жоқ. Өзінің қанаттанып ұшқан ұясында шәкірт тәрбиелеп, ғылыммен айналысып, адал қызмет етіп жүр. «Өмірде қандай да бір жетістікке жетсем, қандай да бір белесті бағындырсам, ол менің университетімнің арқасы. Әлемнің танымал оқу ордаларында білім алушыларға дәріс оқыдым. АҚШ, Германия, Голландия, Ұлыбритания, Иран, Кипр, Испания және т.б. елдерде өткен халықаралық конференциялар мен семинарларға қатыстым, кейбіреуінде баяндама жасау мәртебесіне ие болдым. Осы сапарларымның бәрін менің сүйікті университетім қаржыландырып, қолдау көрсетті. Оған қалай разы болмайсың, қалай жан-тәніңмен беріліп жұмыс істемейсің», – дейді екеуара әңгімеде зерделі ғалым.

Қасым Қоянбайұлы – гидролог-ғалым. Еліміздегі су ресурстарын сақтау, қорғау, жетілдіру мәселелерімен айналысады. «Жаһандық климаттың өзгеруінен халықты таза ауызсумен қамта-

масыз ету жылдан-жылға келелі проблемаға айналып келеді. Ғалымдар бұл жайында жиі айтып жүр. Енді нақты әрекет керек. Мысалы, Алматының су көздері бастауын тау өзендерінен алады. Ал тау мұздықтарының азаюынан, анығын айтқанда, шамадан тыс көп еруінен алдағы 25-30 жыл ішінде ауызсу тапшылығы басталуы бек мүмкін. Біз осыған дайын болуымыз керек. Ол үшін су ресурстарына деген көзқарасты өзгерткен абзал. Су тіршілік көзі деп тегін айтпаған ғой. Бақылау, қадағалау жүйесін жетілдірген жөн. Өлгі мұздықтардың еруінен қандай өзгерістер орын алады, олардың қарқындылығы қандай? Демек, бір сөзбен айтқанда, климаттың өзгеруіне бейімделу шараларын жоспарлап, соны іске асыру керек. Суды үнемдеудің бір-ақ жолы бар, ол – тарифті көтеру. Әрине, тариф мәселесі – әлеуметтік түйткіл. Дегенмен су ресурстарын сақтаудың басқа амалын көріп тұрғаным жоқ. Халық суды пайдаланғаны үшін қымбат баға төлесе, сонда ғана нәтиже болмақ», – дейді гидролог-ғалым.

Әрине, судың, оның ішінде ауызсудың мәселесін маман-

зор. Оның жергілікті басылымдарда 138 ғылыми жұмысы жарияланды. Өмірге алып келген өнертабысына елімізде үш патент берілген. Сондай-ақ АҚШ-тың халықаралық патентіне ие болған. Ғалымның сегіз монографиясы бар, шетелдік басылымдарда 30-дан астам мақаласы (Scopus және Thomson Reuters базасының басылымдарында) жарық көрген. «Су айналымы мен су ресурстарын бірлесіп басқару: білім мен бизнестегі қабілетін, біліктілігін және ықпалын арттыру» (530718-TEMPUS-1-2012-1-UK-TEMPUS-JPCR) халықаралық жобасына орындаушы ретінде қатысқан. 2006 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» атанды. Өткен жылы «Қазақстан гидрометеорология қызметіне – 100 жыл» медалімен марапатталды.

Көрнекті ғалым қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласады. Іле-Балқаш проблемасын шешу, шағын өзендерді экологиялық сауықтыру жөніндегі, оның ішінде Балқаш көліндегі далалық экспедициялық зерттеулерге, Іле өзені атырабының су экожүйелерін шаруашылық қызметінің әсерін бағалау мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға қатысты. «Табиғи және антропогендік факторлардың әсерін ескере отырып, аустік-шығыс Қазақстанның таулы және тау бөктеріндегі аймақтардың су-эрозиялық қауіптілік дәрежесін бағалау», «Қалалардағы су объектілерінің жағдайына табиғи факторлардың және шаруашылық әрекет әсерін бағалау» және т.б. көптеген жобаларға атсалысты. Осының бәрі Қ.Дускаевтың мамандығына адалдығын, ел мен жердің экологиялық тағдырына алаңдайтынын көрсетеді. Бұл екінің бірінде кездесе бермейтін ғажап қасиет. Сірә, нағыз ғалым осындай болса керек.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Жас ғалымдарға мүмкіндік

Ғылыми зерттеулер жүргізудегі теориялық білім мен практикалық дағдылардың жоғары деңгейі әлемде ғылым мен техниканың дамуына ықпал етеді. Ғылым-білімнің маңызды көзі және әлеуметтік прогрестің қозғалтқышы бола отырып, көптеген мәселелердің шешімін табуға және әртүрлі салалардағы соңғы жетістіктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қоғам мен жалпы ел дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – ғылымның жетістігі.



Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда озық әлемдік тәжірибе мен заманауи жағдайларды ескере отырып, ғылыми жобаларды қаржыландырудың, басқарудың, іріктеудің, ғылыми зерттеулерді практикалық іске асырудың, өндіріске ФЭЖ нәтижелерін енгізудің, сондай-ақ ғылым мен білім беруді интеграциялаудың жаңа тетіктерін әзірлеуге бағытталған ғылым саласында жаһандық реформалар жүргізілді.

Қазақ ұлттық университетінің «зерттеу университеті» мәртебесін алуы ЖОО-ның ғылыми қоғамдастығының алдына қоғамның әлеуметтік-маңызды мәселелерін шешуге, отандық ғалымдардың

зерттеу жұмысы үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге, елде ғылымның дамуын ынталандыруға, сондай-ақ ғылымның нәтижелілігін арттыруға арналған бірінші кезектегі және өзекті міндеттер қояды.

Ғылыми-зерттеу ұйымдары мен жоғары оқу орындары, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің бірі жарияланымдық белсенділік екені даусыз. Таяуда Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінде ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жоспарлауға, алынған нәтижелерді дұрыс түсіндіруге және оларды

мәселелерді үйрететін оқыту сабақтары ұйымдастырылды. Халықаралық қысқы мектеп «SCIENCE. RESEARCH. PUBLICATION» химия саласындағы жетекші ғалымдарға ғылыми мақалалар жазу мен жариялаудың теориялық және практикалық мәселелері бойынша ақпаратпен бөлісуге мүмкіндік берді. Семинар барысында қатысушылар тәжірибе алмасуға, өз саласындағы кәсіби білімі мол ғалымдардан тақырып бойынша қызықтырған сұрақтарға жауап алуға және белгілі бір салада әлеуетті ынтымақтастық үшін мамандармен араласуға мүмкіндік берді.

«SCIENCE. RESEARCH. PUBLICATION» халықаралық қысқы мектепте тұрақты өткізу игі ісі кәсіби әлеуетін толық іске асыруға ұмтылатын жас ғалымдарды қалыптастырудың маңызды факторы. Осыған байланысты қысқы мектепті Қазақстан мен әлемнің жетекші ғалымдарын тарта отырып, ғыл сайын өткізу жоспарлануда.

Ақмарал АРҒЫМБАЕВА,
доцент

Гүлмира РАХЫМБАЙ,
доцент м.а.

Ынтымақтастық тың зерттеулерге жол ашты

Флоренс Вакандио – 2001 жылдан бері Экс-Марсель университетінің доценті, PhD докторы. MADIREL зертханасының (бөлінген материалдар, жабындар және электрохимия бөлімі) жетекшісі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға шақырылған ғалым.



Мен «Мадирель» зертханасында протондардың сутегіге айналуын қамтамасыз ететін инновациялық функционалды электродтарды әзірледім. Бұл электродтар катализаторларды протондар мен электрондарды өткізетін қатты бетке бекітілген полимерге енгізу арқылы жасалады, сонымен бірге газ және протон алмасуын жақсарту үшін мезокеуекті құрылымға ие. Бұл жоба аясында EIMa groupe иономерлерін әртүрлі әдістермен пішіндеу (электрополимерлеу, электр иіру, айналдыру жабыны), иондық өткізгіштікті өлшеу, сонымен қатар H₂ алу өнімділігі бойынша дағдылары қарастырылған. Бұл жобаны түрлі ұлттық ұйымдар қаржыландыруда, – деді доцент.

Оның айтуынша, зерттеудің екінші бағыты – инновациялық электродтарды әзірлеуге, яғни CO₂ электрохимиялық түрлендіруге қатысты сала. Осы бағытта доктор Вакандио әртүрлі елдердің көптеген білім ордалары әрі зертханаларымен тығыз байланыста болған. Мәселен, Стефано Росси (Dipartimento di Ingegneria Industriale, Тренто, Италия), Мария Луиса Ди вона (Өнеркәсіптік инженерия департаменті, Università Tor Vergata, Рим, Италия), Genie Electrics озық технологиялар зертханасы, Université de Tizi-Ouzou, Алжир), Мохамед Каррхат (Электромеханикалық жүйелер зертханасы (LASEM), Ұлттық инженерлік мектеп, Сфакс университеті, Тунис), доктор Петр Ащеулов тобы (Чех ғылым академиясының Физика институты, Прага, Чехия). Аталмыш оқу ордаларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлығы 50-ден астам мақалалар мен халықаралық конгрестегі конференциялардың жемісі.

Флоренс Вакандио Экс-Марсель (Aix-Marseille) университетінің «Наноғылымдар және нанотехнологиялар» магистрлігінің «Материалдар инженериясы» курсына жауапты. Доктор Вакандионың ілімдері бейорганикалық химия мен ерітінділерден бастап, электрохимиядан әртүрлі қолданбалы материалдардың айналасындағы мамандандырылған салаларға дейінгі кең ауқымды қамтиды. Ол сондай-ақ Эразмус Мундус бағдарламасы бойынша (студенттердің академиялық ұтқырлық бойынша жоғары білімінің сапасын көтеру мақсатында Еуропалық одақтың бастамасымен және үдемелі қаржыланды-

румен құрылған халықаралық бағдарлама) «Химиялық наноинженерия» (CNE) магистрінде сабақ береді.

Ғалым сонымен қатар AMUtech институты директорының орынбасары. Оның институттағы миссиясы: оқу-зерттеу байланысын нығайту; магистратура курстарын толықтыру үшін ағылшын тілінде берілетін арнайы курстарды ашу; шеберлік сабақтарын және екі жылда бір рет өтетін халықаралық жазғы мектептерді ұйымдастыру әрі студенттер үшін шәкіртақы тағайындау. Сонымен бірге сыртқы ұтқырлық, магистратурада студенттердің тағылымдамаларын қаржыландыруға, институттың технологиялық платформаларда тәжірибелік сабақтары мен тьюторлық жобаларын ұйымдастыруына жауапты.

– Электрохимиялық жол өзінің үлкен әлеуетін көрсеткенімен, сұйық фазадағы қуат тығыздықтарын жақсарту қажет. Қазіргі уақытта асыл немесе улы металдарға негізделген жасыл электрокатализаторларды кең ауқымда қолданып дамытуда перспективалары әлсіз. Атап айтқанда, көміртегі негізіндегі және газ диффузиялық электродтарды оңтайландыру практикалық негізге апаруы маңызды. Осылайша бұл пәннің философиясы – инновациялық электродты қалпына келтіру катализаторы мен контексте сәйкес, электронды және иондық өткізгіштіктерді ұсынатын материалдарды біріктіру. Осы іспетті зерттеулерді жүргізуіме мұрындық болған – өзім он жыл бойы қызмет еткен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Нақтырақ айтқанда, «Физика-химиялық әдістерді талдау және зерттеу орталығы» тобымен, яғни профессор Бибисара Бүркітбаева және доцент м.а. Гүлмира Рахымбай және кафедра меңгерушісі, доцент Ақмарал Ағымбаевамен бірге ынтымақтастықта белсенді жұмыс астықардық.

Бұл ынтымақтастықтың зерттеу тақырыптары электрохимиямен (коррозия және энергияны сақтау) байланысты. Соңғы жылдары әзірленген тақырыптар: «Индийді тазарту», «Электродпозициялау, коррозия ингибиторларын зерттеудің әсері» және «Mg батареяларын қолдану үшін наноқұрылымды катодты материалдар». Бұл ынтымақтастық бірнеше PhD докторанттарының шетелдік жетекшісі болуыма және көптеген магистранттарды «Мадирель» (Madirel) лабораториясында қабылдауыма септігін тигізді. ҚазҰУ-дың Химиялық физика және материалтану кафедрасында үлкен қуанышпен сабақ бердім. Өткен жылы университет студенттерін «Нанохимия» және «Химиялық қуат көздерінің материалдары мен электродтарын жобалау» тақырыптарында екі курстан өткіздім. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастықта жұмыс істеуге қашанда әзірмін, – деп сөзін тамамдады Флоренс Вакандио.

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы Шәркүл Таубаеваны 75 жылдық мерейтойымен құттықтайды.



Педагогика әдіснамасының тәлімгері

Ш.Таубаева танымал әдіснамашы-ғалым, педагогика ғылымының докторы, ҚазҰУ профессоры, ҚР Педагогика ғылымдары академиясының және Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі, педагогикалық ғылымтану саласының маманы.

Шәркүл Таубайқызы ғылыми философиясы мен әдіснамасы саласындағы әлемдік және отандық ғалымдардың жетістіктерін, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесін, эксперименттік алаңдарды, білім беру жүйесі дамуының инновациялық моделін, алынған ғылыми өнімнің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін, ғылыми-зерттеу қызметінің инновациялық технологиялар қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру жүйесінің заманауи ғылым мен практика парадигмасына сай, отандық ғылыми мектептердің зерттеу нәтижелерінің жиынтығы болып табылады.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім проблемалары институтында білім берудің парадигмасының жаңаша пайымдалуы елімізде озат педагогтер зертханасы ретіндегі атаулы мектептердің, авторлық ұжымдардың, ғылыми жобалардың табысты қызметіне ықпал етті. 1998-2001 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университеті Педагогика кафедрасының докторантурасында оқып, 2001 жылы «Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы/ Жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Ш.Таубаева ҚР Президентінің халықаралық «Болашақ» бағдарламасы аясында Ресейдің Білім академиясында, Ресей мемлекеттік әлеуметтік университетінде тағылымдамадан өтудегі тәжірибесін жүзеге асыруда республикада «Әлеуметтік педагогика

және өзін-өзі тану», «Педагогикалық өлшемдер» мамандықтары бойынша жоғары білім беру мемлекеттік стандарттарының авторы.

Докторлық зерттеу мен ғылыми тағылымдама нәтижесінде Ш.Таубаеваның ұсынысымен «Білім беру» тобы мамандықтарының докторантурасына «Педагогика философиясы және әдіснамасы» пәні 2011/12 оқу жылынан бастап міндетті компонент ретінде енді. Аталған мамандықтардың докторантурасына арналған «Педагогика философиясы және әдіснамасы», магистратураның «Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері» атты орыс және қазақ тілдеріндегі оқулықтарының авторы.

Ш.Таубаеваның ғылыми мектебінде сегіз ғылым докторы, 14 ғылым кандидаты және 7 (PhD) философия докторы, 30 педагогика магистрі дайындалды, 55 диссертациялық жұмысқа оппонент болды.

Профессор Ш.Таубайқызы 2 монографияның, 7 оқулықтың, 10 оқу құралының, 5 оқу-әдістемелік құралдың, 2 білім беру бағдарламасының, 5 типтік оқу бағдарламасының, 9 авторлық куәліктің, 500-ден астам мақаланың авторы. Алты мақаласы Scopus базасындағы журналдарда жарияланған.

Ғұлама ұстаз бойында ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық, өзін-өзі тәрбиелеу, пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық, парасаттылық сынды қасиеттерін профессор-оқытушылар құрамы жоғары бағалайды.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ұжымы Шәркүл Таубайқызын мерейтойымен құттықтап, мықты денсаулық, жас ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыруда шығармашылық табыс тілейді.

Гүлнар МҰРАТБАЕВА
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Высокая оценка труда ученых

В соответствии с Указом Президента РК от 24 ноября 2020 года была создана Госкомиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, возглавляемая Государственным советником РК Е.Кариным. В ее состав вошли руководители отдельных министерств и ведомств, члены Мажилиса Парламента республики, известные ученые и эксперты по проблеме массовых политических репрессий в Казахстане. Непосредственную научно-поисковую и аналитическую работу осуществляют члены трех республиканских научно-исследовательских групп по тематическим направлениям и категориям жертв репрессий.



Деятельность в Государственной комиссии позволила ученым работать с информацией не только открытых фондов, но и с ранее засекреченными документами, поднять на «поверхность» огромные пласты уникального документального материала. Особая роль в координации прикладных и информационных процессов в рабочих группах, организации массового рассекречивания ранее недоступных исследователям архивных фондов государственных и ведомственных архивов и представлению материалов для реабилитации.

Одним из результатов данной работы стало представление Главе государства Касым-Жомарту Кемелевичу Токаеву многолетнего издания Материалов Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, состоящее из 2 монографий и 29 томов публикуемых впервые уникальных документов по истории репрессий против различных категорий граждан страны. Также Президент РК заслушал информацию Государственного советника РК Ерлана Карина о проделанной организационной, научно-поисковой и научно-исследовательской работе.

В Астане под председательством Госсоветника РК состоялось восьмое заседание Госкомиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, на котором с докладами об издательской деятельности Госкомиссии выступили министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, директор Института истории и государства Еркін Абиля и директор Института исто-

рии и этнологии имени Ч.Валиханова Зиябек Кабульдинов. В более широком формате научной общественности были представлены 31 том документов и материалов о жертвах политических репрессий и монографии ученых, которые подготовлены под общей редакцией Государственного советника РК Ерлана Карина.

Здесь необходимо подчеркнуть, что с 22 августа 2022 года количество научно-исследовательских (республиканских) групп Госкомиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий сократилось с десяти до трех, а число членов – с 50 до 23 человек. Среди них представлены два сотрудника КазНУ имени Аль-Фараби – д.и.н. Сауле Жакишева (автор) и к.и.н. Кулгазира Балтабаева, которые имеют самое непосредственное отношение к четырем томам научной продукции из 31 тома серии «Материалы Госкомиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий». Мы участвовали не только в подготовке к изданию сборников документов и материалов: «Документы по истории репрессий в Казахстане конца 1920 – начала 1950 гг.» (том I–II), «Вынужденные беженцы» (том V), «Государст-

венные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию, заготовительным и другим политическим кампаниям» (том XIII), но и в научном редактировании, рецензировании других сборников госзаказа.

В своем выступлении министр С.Нурбек дал высокую оценку труду всех ученых республики и особо остановился на моей монографии «Конфискация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20–30-х гг. XX в.», представленной в данной серии в томе XXXI. Он подчеркнул инновационный междисциплинарный подход ученых КазНУ им. Аль-Фараби к изучению истории репрессий в Казахстане на стыке истории, источниковедения, математики и информатики. В монографии введены в научный оборот прежде закрытые источники массового характера, применены математико-статистические приемы их обработки на основе компьютерных технологий и формирования проблемно-ориентированной базы данных, что позволило существенно расширить границы историко-сравнительного, структурного и системного анализа в историческом исследовании. Более широкая

трактовка данных, содержащихся в личных следственных делах репрессированных в 1928–1929 гг. так называемых баев-«полуфеодалов» позволила провести анализ источников на более высоком исследовательском уровне, точнее охарактеризовать тенденции развивавшегося процесса конфискации имущества и выселения крупных собственников и элитной верхушки казахского доколхозного аула. Далее он продолжил, что в монографии впервые поведена комплексная разработка малоизученных, даже вовсе не изученных аспектов проблемы конфискации, а именно: социальный портрет репрессированных баев, логика действия механизма репрессий в отношении зажиточных, богатых и даже бедняцких хозяйств аула, альтернативные точки зрения на конфискацию со стороны официальных властей и самих баев, особенности восприятия насильственной политики государства владельцами и членами семей экспроприированных хозяйств. В конечном счете результатом исследования стало открытие новых количественных данных по общему количеству конфискованных хозяйств, по категориям конфискации, степени состоятельности, грамотности, влияния и авторитета репрессированных баев и т.д. Опора на нетривиальные для исторической науки методы математической статистики и информатики позволили повысить уровень беспристрастности, доказательности и содержательности полученных результатов.

Высокие оценки ученых нашей страны и сотрудников КазНУ им. Аль-Фараби, данные Госсоветником РК Ерланом Кариным, министром Саясатом Нурбек, безусловно, вселяют уверенность и в выполнении не менее ответственных задач Госкомиссии в текущем году.

Сауле ЖАКИШЕВА,
д.и.н., проф. кафедры
Всемирной истории КазНУ

Абиба – чемпионка мира!

По сообщению Национального олимпийского комитета Республики Казахстан талантливая спортсменка, дзюдоистка из Казахстана Абиба Абужакынова стала чемпионкой Гран-при в Алмаде (Португалия) 2023 года и обладателем золотой медали. Абиба Абужакынова также является бронзовым призером чемпионата мира 2022-го года, который состоялся в столице Узбекистана – Ташкенте, завоевала бронзовую медаль в турнире серии Grand Slam по дзюдо в Абу-Даби. В настоящее время Абиба обучается в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби на юридическом факультете по специальности «Правоохранительная деятельность».



Спортивный единоборство дзюдо в переводе «Мягкий путь» создано японским мастером боевых искусств Дзигоро Кано (1860 – 1938 г.), который сформули-

ровал основные правила и принципы тренировок и проведения состязаний. В своём докладе «Общие сведения о дзюдо и его ценности в деле воспитания», сделанном 11 мая 1889 года, Дзигоро Кано сказал: «Я считаю, что тот, кто будет изучать дзюдо у хорошего учителя, тот будет ценить свою родину, любить её дела и вещи, возвышать свой дух и сможет воспитать в себе мужественный, деятельный характер».

По мнению известных мастеров перед занимающимися дзюдо традиционно ставятся цели физического воспитания, совершенствования сознания, что требует дисциплины, настой-

чивости, самоконтроля, соблюдения этикета, понимания соотношения между успехом и необходимыми для его достижения усилиями. Преподаватели кафедры физического воспитания и спорта КазНУ имени Аль-Фараби являются не только добрыми наставниками, но и настоящими друзьями Абибы. Они участвуют в ее физическом и духовном воспитании, помогают преодолевать высокие нагрузки в большом спорте.

Знание аспектов правовых наук имеет важное значение в подготовке студентов юридических специальностей, ведь безукоризненное исполнение законов, следовательно, правовое функционирование государства зависит от профессионализма, компетентности юристов.

Профессорско-преподавательским составом кафедры Уголовного права, уголовного процесса и криминалистики была организована встреча с членами спортивного клуба КазНУ, Центра «Здоровый образ жизни», с Абибой Абужакыновой и студентами специальности «Правоохрани-

тельная деятельность». В ходе встречи заведующая кафедрой Уголовного права, уголовного процесса и криминалистики д.ю.н., профессор Р.Е.Джансараева поздравила Абибу со спортивными результатами, поблагодарила тренеров-наставников за ее высокую физическую подготовку, сказав, что Абиба стала прекрасным примером для многих казахстанских девушек в развитии физического воспитания.

Преподаватели юридического факультета КазНУ радуются спортивным достижениям Абибы, желают ей крепкого здоровья, успехов в учебе и спорте. Несмотря на все трудности большого спорта, Абиба успешно совмещает учебу со спортом, преподаватели юридического факультета и соскурники дают о ней высокие отзывы, она по характеру открытая, приветливая, отзывчивая, трудолюбивая студентка, которая ответственно относится к учебному процессу, вовремя выполняет все учебные задания по юридическим дисциплинам.

Мурат ДОСАНОВ,
к.ю.н., ст. преподаватель
кафедры Уголовного права,
уголовного процесса и
криминалистики

«Super students» байқауының жүлде қоры - 1 миллион теңге

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде факультет-аралық тұңғыш «Super students» телевизиялық таланттар байқауы өз мәресіне жетіп, сайыстың жеңімпазы анықталды.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасымен жүзеге асқан байқауға 16 факультет қатысып, өзара бақ сынасты. Байқауда факультет студенттері үш кезең бойынша

екінші орынға көтерілген философия және саясаттану факультетінің студенттері де 100 000 теңгеге қол жеткізді. Ал бірінші орынға журналистика факультетінің студенттері

байқауына жолдама сыйлады. Ал актриса Бақыт Әліпбаева журналистика факультетінің студенттеріне арнайы шеберлік сағатын өткізетін болды. Күйші Саят Ақбасов қазақтың қара домбырасын заң факультетінің білім алушы жастарына табыстады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры, байқаудың ұйымдастырушысы Қаншайым Байдәулет ән сайысында үздік өнер көрсеткен Нұризат Жаушыбайға ән жаздырып, жас биші Ақгүл Хайролға бейнебаян түсіріп беретінін жеткізді.

Сонымен қатар заң факультетінің деканы Дәулет Байділдинов пен физика-техникалық факультетінің деканы Нұрзада Бейсен өз студенттеріне оқытушылар атынан 100 мың теңгелік сертификатты табыстады. Нәтижесінде байқаудың жалпы жүлде қоры 1 миллион теңгені құрады.

ҚазҰУ-дағы факультетаралық тұңғыш «Super students» телевизиялық таланттар байқауында демеушілік көрсеткен «TanMediaGroup» холдингіне, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында ор-

жайғасып, олар да 100 000 теңгеге ие болды. «Super students» телевизиялық таланттар байқауының бас жүлдесін және 300 000 теңгені физика-техникалық факультеті жеңіп алды.

Сонымен қатар арнайы жүлделер табысталды. Байқаудың топтық кезеңінен бастап өнерімен көрермендерді баураған бес қатысушыға



сынға түсті. Атап айтқанда: ән сайысы, би сайысы және ерекше қабілет көрсету сайысы. Өнерпаздардың өнерлерін елге танымал тұлғалар, қазақ эстрадасының жұлдыздары мен би саласының үздіктері сараптады.

Топтық және жартылай финалда мүдірмей өткен төрт факультет «Super students» байқауының финалдық кезеңіне жолдама алды. Олар: физика-техникалық факультеті, журналистика факультеті, заң факультеті, философия және саясаттану факультеті.

Финалдық бәсекеде танымал актер, әнші, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Байғали Есенәлиев, әнші, 2007 жылғы Азияның үздік дауыс иегері Айгүл Адиханова, күйші, «Қаскелең» мәдениет колледжінің директоры Саят Ақбасов, кәсіби биші Роман Лузанов пен Гүлден Исаева, актриса Бақыт Әліпбаева қазылық етіп, байқау жеңімпаздарын анықтады.

Сарапшылардың шешімімен үшінші орынды заң факультеті иеленіп, 100 000 теңгелік сертификатқа ие болса,



Қырғыз Республикасында орналасқан Ыстықкөлге жолдама (құны 100 мың теңге) берілді. Өнші Айгүл Адиханова физика-техникалық факультетінің студенті Жәнібек Сәбитбекке халықаралық әншілер

наласқан «Банк ЦентрКредит» бөлімшесіне және «Парасат» кәсіподақ ұйымына алғысымызды білдіреміз!

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢ!

**«QAZAQ
UNIVERSITETI»**

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: **64787**

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

**Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,
«QAZAQ UNIVERSITETI»
газетіне жазылуды ұмытпаңыз!**

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: **377-32-86, ішкі: 1486
+7 747 325 6874**

География және табиғатты пайдалану факультетінің «Кадастр» мамандығының 2-курс 6, 9 топ студенттері Алматы қаласындағы «Таусамалы» ықшамауданында орналасқан қарттар мен мүгедектер үйіне арнайы мерекелік бағдарламамен барып қайтты.

Студенттер қарттардың көңілін серпілтіп қайтты

«Кадастр» мамандығының 6-топ студенттері «Қарттарым – асыл қазынам» бағдарламасын ұйымдастырды. Олар қарияларға сүйікті әндері мен монологтарын оқып берді. Ал 9-топ қыздары әсем ән арнап, домбырашы қызымыз А.Сәкенқызы «Балбырауын» күйін орындады. Қарттар үйіндегі үлкен кісілер студенттермен соғыс, жеңіс туралы әндерді бірге шырқады. Студенттердің «Жеңіс күні» тақырыбындағы қойылымын тамашалаған қариялар көзіне жас алды.

Мерекелік кешіміздің соңында

студенттер қазыналы қарттарымызға сый-сияпаттарын тарту етті. Жастардың өнеріне тәнті болған ата-әжелер бір серпіліп қалды. Кеш соңында студенттер қарттармен сұхбаттасып, естелік суретке түсті. Қариялар жастарды жібергісі келмей, жиі келіп тұруымызды өтінді. Мекеме әкімшілігі мен қариялар студенттерге алғыс айтып, ақ батасын берді. Мұндай кездесулер жастарды мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелейді.

Жазира ЖҰМАТАЕВА,
топ жетекшісі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ